



*Ақтөбе облыстық
мамандандырылған физика-
математикалық лицей-
интернатының 2022-2023 оқу
жылына арналған*

ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

КЕЛІСЕМІН:
Ақтөбе облысы білім
басқармасының басшысы
Ж.Н.Батырхан



2022ж

КЕЛІСЕМІН:
«Дарын» республикалық
ғылыми-практикалық
орталығының директоры
А.Унайбеков



2022ж

БЕКІТЕМІН:
Ақтөбе облыстық
мамандандырылған физика-
математикалық лицей-
интернаты директоры
Қ.Е.Тлеумагамбетова



2022 ж

**Ақтөбе облыстық мамандандырылған
физика-математикалық
лицей-интернатының
2022-2023 оқу жылына арналған
ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Ақтөбе 2022 жыл

2022-2023 оқу жылына арналған оқу жоспарына түсініктеме

Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернаты - тұратын орын ұсынумен қоса білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес кеңейтілген және тереңдетілген жаратылыстану-математикалық білім беруді қамтамасыз ететін негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

Білім беру ұйымының міндеті - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аударылады:

- білім алушылардың білімін толықтыру;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;

Мамандандырылған лицей-интернат өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және осылардың негізінде әзірленген мектеп-интернаттың Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

2022-2023 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

–«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

–«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

– «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);

– «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым

саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);

– «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);

– «Мамандандырылған Білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік Кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы);

– «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);

– «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);

– «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

– «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы);

– «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы);

– «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);

– «Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен марапатталатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №333 бұйрығы);

– «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым № 292 бұйрығы)

– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 21 шілдедегі № 8 хаттама) «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты;

Негізгі және жалпы орта білім беру /6-9-сыныптар және 10-11-сыныптар/

Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернатының 6-9-сыныптары аралығындағы оқу жоспары Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының 63-қосымшасына, 10-11-сыныптары аралығындағы оқу жоспары Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының 67-қосымшасына сәйкес жасақталды.

Аталған үлгілік оқу жоспарының инварианттық бөлігіндегі мамандандырылған компонент есебінен апталық жүктемеге 6-сыныпқа математика пәні бойынша 4 сағаттан, алгебра пәні бойынша 7-8А-8Б-9А-9Б сыныптарына 2 сағаттан, 10А-10Б-11А-11Б-сыныптарына 1 сағаттан, геометрия пәні бойынша 7-8А-8Б-9А-9Б-10А-10Б-11А-11Б-сыныптарына 1 сағаттан, физика пәні бойынша 7-8А-8Б-9А-9Б-сыныптарына 3 сағаттан, 10А-10Б-11А-11Б-сыныптарына 2 сағаттан, химия пәні бойынша 7-8А-8Б-9А-9Б-сыныптарына 1 сағаттан қосылды. Соның ішінде оқыту үрдісі физика-математикалық бағытта жүргізілетін болғандықтан 10-11-сыныптар аралығындағы алгебра, геометрия және физика пәндерінің инварианттық бөліктегі сағаттары 2 топқа бөлініп оқытылады.

«2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сәйкес 2022-2023 оқу жылында Үлгілік оқу жоспарлардың вариативтік компоненті есебінен 6-11-сыныптарда: 6-сыныпта аптасына 0,5 сағат, 7-сыныпта аптасына 0,5 сағат, 8А-8Б сыныптарына аптасына 0,5 сағаттан, 10А-10Б-11А-11Б сыныптарына 1 сағаттан «Жаһандық күзіреттер» таңдау бойынша курстары, 9А-9Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Зайырлылық және дінтану» курстары енгізілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығына сәйкес енгізілген «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының мәні және маңызы оның қазіргі қоғам қажеттілігі мен тұрақтылығының ғылыми тұғынамасы ретіндегі өзектілігінен, қоғам тарихы, мәдениеті мен рухани құндылығын анықтайтын бастаулардан тұрады. «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы жалпы орта білім жүйесіндегі әлеуметтік-гуманитарлық және қоғамтанулық білімнің құрамдас бөлігі болып табылады.

Роботтар - қарқынды дамып келе жатқан болашақтың жоғарғы технологияларының бірі. Қазіргі кезде роботтар өміріміздің көптеген саласына, атап айтқанда, ғарышты игеру, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қорғаныс ісі және басқа да салаларға еніп үлгерді. Оқу жоспарының вариативтік компонентінің жеке және топтық жұмыстар есебінен 6-7-8А-8Б-сыныптарында апталық 1 сағаттық жүктемемен «Робототехника» курсы жүргізіледі. Оқушылар робототехника курсы аясында жаратылыстану-ғылыми бағыттағы математика, физика, информатика және т.б. пәндер бойынша алған білімімен дағдыларын кіріктіре отырып, робототехникасы, инженерлік дизайн және технология негіздерін зерттейді. Курста LEGO®, MINDSTORMS®, EV3 оқу конструкторлары мен жинақтары пайдаланылады.

Білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру, жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыру, технология, медицина, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп пен энергетиканың әртүрлі саласындағы жетістіктер ғылыми идея мен ғылыми прогресс дамуының жарқын мысалдарын таныту, оқушылардың физика ғылымына қызығушылығын жетілдіру мақсатында оқу жоспарының вариативтік компонентінің жеке және топтық жұмыстар есебінен 7-сыныпта аптасына 1 сағат «Физика және астрономия», 8А-8Б-сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Электростатика негіздері», лицей компонентінен 9А-9Б-сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Динамика негіздері», 10А-10Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Молекулалық физика», 11А-11Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Жарық құбылыстары» курстары жүргізіледі.

Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттері. Оқушылардың математика пәні бойынша теориялық білімі мен практикалық дағдысын ұштастыру, функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ғылыми-жаратылыстану пәндерін игеруге қажетті математикалық білім мен дағдылардың негіздерін игеру, оқу пәні материалдары негізінде білім алушылардың интеллектуалдық деңгейін дамыту, практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында оқу жоспарының вариативтік компонентінің жеке және топтық жұмыстар есебінен 7-сыныпта аптасына 2 сағаттан «Олимпиадалық және танымдық есептер», 8А-8Б-сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Төртбұрыштар мен үшбұрыштарға практикалық есептер», 9А-9Б-сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Стандартты емес есептер», 9А-9Б-сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Коши теңсіздігі», лицей компоненті есебінен 10А-10Б сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Қиындығы жоғары теңдеулер мен теңсіздіктер», 11А-11Б сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Комбинаторика, статистика және ықтималдық», 7-сыныпқа аптасына 2 сағаттан «Бөлінгіштік және қалдықтар арифметикасы», 6-сыныпқа аптасына 2 сағаттан «Қызықты математика», 8А-8Б сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Мәтіндік есептер» курстары жүргізіледі.

Негізгі орта білім беру сатысында ағылшын тілі пәні бойынша оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру үшін жеке және топтық түрде шығармашылық сипаттағы тапсырмалармен жұмыстар жүргізіледі. Білім алушыларда ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін (аудио бейнежазбалар, фильмдер, әндер, ғылыми және ойын-сауық журналдарынан мақалалар) қалыптастыру мақсатында оқытудың түпнұсқа материалдарын пайдалану; ағылшын тілінде сипаттау, салыстыру, талдау, диалог, пікірталас жүргізу, қажетті дәлелдер келтіру, қорытынды жасау және қорыту дағдыларын қалыптастыру үшін БАҚ материалдарымен жұмыс істеу; анықтамалық және энциклопедиялық әдебиеттермен, электрондық ресурстармен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру: білім алушыларда мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында жас ерекшеліктеріне сай мәтіндерді пайдалану ұсынылады. Ағылшын тілі пәнінен түрлі тапсырмаларды кезектестіріп, біріктіру ұсынылады: ауызша, жазбаша, міндетті, таңдау бойынша, жалпы, сараланған, жеке, аралас, шығармашылық жұмыстар жүргізу мақсатында лицей компоненті бағытында 6-сыныпқа аптасына 1 сағат «Оқимыз, ойлаймыз және сөйлейміз» / "Read, think and speak"/, 7-сыныпқа аптасына 1 сағат «Қызығушылықпен оқу. Ағылшын халық ертегілері» курсы / "Reading for Pleasure. English Folk Tales" енгізілді.

Элективті курс - оқушылардың әртүрлі танымдық қызығушылығын қанағаттандыратын, кәсіби бейннің мазмұнын толықтыратын, оқу жоспарының маңызды бөлігі. Элективті курс оқыту үдерісін өзектендіру мен даралаудың басым бағыты. Элективті курстардың жүйесі оқушылардың белгілі талап, тілегіне, қызығушылығына, икемділігіне сәйкес білім алып шығуына мүмкіндік береді. Элективті курстар - әрбір оқушының жеке білімге қызығушылығын, талап тілектерімен және икемділігін қанағаттандырумен байланысты. Сондықтан ол мәні бойынша жеке білім беру бағдарламаларын жасаудың маңызды құралы болып табылады және әр оқушының қызығушылығына, қабілетіне, өмірлік жоспарына сәйкес таңдауына байланысты болады.

Жалпы орта білім беру сатысындағы үлгілік оқу жоспарының элективті курстар бағыты бойынша төмендегідей курстар таңдап алынды. Білім алушылардың физика және математика ғылымы саласы бойынша қызығушылықтарына сәйкес әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде физика-математикалық тілді және негізгі физика-математикалық заңдарды қолдану, сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білу, есептерді шешуде білімдерін ғылыми модельдерді құруға және шынайы процестерді сипаттайтын физика-математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау мақсатында оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі элективті курстар бағыты бойынша 10А-10Б сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Қолданбалы математика элементтері», 11А-11Б сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Дифференциалдық және интегралдық есептеулер», 10А-10Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Кинематика негіздері»,

11А-11Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Атомдық және кванттық физика», 10А-10Б-11А-11Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Эволюция негіздері» курстары енгізілді.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы білім алушылардың графикалық және жобалық қызметін қалыптастыруға, олардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған «Графика және жобалау» оқу пәнін 10А-10Б-11А-11Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі элективті курстар бағыты бойынша оқыту қарастырылды.

Оқушылардың химия ғылымдарына, химия пәніне, оның ішінде химиялық сарамандық және зертханалық жұмыстар бойынша өздігінен жұмыс жасай білуге, проблемалық мәселелерді шешу, проблемалық сұрақтарға жауап беру, осы саладағы ой-өрісін дамыту, химия ғылымының құпиясын тереңірек сезінуі мен жалпы ғылымға қызығушылығын арттыру мақсатында оқу жоспарының лицей компоненті бойынша 8А-8Б-сыныптарға аптасына 1 сағаттан "Бейорганикалық химия" курсы енгізілді.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастырылады. Оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі элективті курстар бағыты бойынша 10А-10Б-11А-11Б-сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Абайтану» курсы жүргізіледі. «Абайтану» курсы оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық қорғаныс сауықтыру лагерьлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі далалық оқу (лагерьлік) жиыны өткізіледі. Вариативтік компоненттің элективті курстар бағыты бойынша 10А-10Б сыныптарындағы апталық 1 сағаты АӘЖТД пәнінің далалық оқу-жаттығу жиынына есептелді.

Бүгінгі қоғамның әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресі қарқынды дамып отырған заманда адамның интеллектуалдық еңбек үлесі өсіп, білім деңгейіне және әрбір жеке тұлғаның шығармашылық даралығының дамуы мен кәсіби бағыттылығына қойылатын талаптар арта түсуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру» мәселесі аталып көрсетілген.

Жалпы білімнің басты үш міндеті бар, олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу – ең көкейкесті мәселеге айналып отырғаны дәлелденді. Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттау.

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының 92-тармағына сәйкес білім алушылардың таңдауы бойынша 6-7-8А-8Б-9А-9Б-10А-10Б-11А-11Б сыныптарға үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар және т.б. ұйымдастыру үшін мұғалімдерге 0,25 ставкада, сондай-ақ шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін мектепке жылына 1500 сағат есебіне қаражат бөлінеді.

Осы мақсаттарды басшылыққа ала отырып, оқушыларға физика ғылымындағы іргелі жаңалықтарды таныту, оқушылардың қоршаған дүниені ғылыми түсінуін, табиғат пен техника құбылыстарын зерттей және түсіндіре алу біліктерімен қарулануын, қоғамның экономикалық және мәдени дамуындағы ғылымның рөлін түсінуін, табиғаттың бөлігі ретіндегі адамға табиғат дүниесін ғана емес, ондағы өзінің орнын да саналы қабылдауын, физикалық құбылыстарды

тануы мен оларды зерттеуге қызығушылығын арттыру мақсатында оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі үйірмелер бағыты бойынша аптасына 7-сыныпқа 1 сағат «Қысым қызықтары», аптасына 8А сыныпқа 1 сағат, 8Б сыныпқа 1 сағаттан «Жылу құбылыстары», аптасына 9А сыныпқа 1 сағат, 9Б сыныпқа 1 сағаттан «Нанотехнология», аптасына 9А сыныпқа 1 сағат, 9Б сыныпқа 1 сағат «Физика және техника», аптасына 10А сыныпқа 1 сағат, 10Б сыныпқа 1 сағат, 11А сыныпқа 1 сағат, 11Б сыныпқа 1 сағат «Физика – болашақ мамандықта» үйірмелері жүргізіледі.

Шахмат ойыны – адамның ақыл-ой дамуына ықпал ететін, мінез-құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдайлар негізіндегі іс- әрекеттің бір түрі. Шахмат ойыны жоғары интеллектуалды спорт түрі болғандықтан, балалардың логикалық ойлау, алдын-ала болжау, математикаға бейімделу қабілетін арттыруға, үлкен мүмкіндік туғызатындығы сөзсіз. Шахмат ойыны арқылы адам баласының дүниетанымы кеңейеді, сөздік қоры, ойлау қоры, есептеу, жаратылыстану бағытындағы білім сауаттылығы, логикалық ойлау қабілеттері дамиды, жылдам ойлау, шешім қабылдау және батыл қадамдар жасау дағдылары жетіледі. Ойнау логикасы зейінділікті дамытуға, әр алуан варианттарды жылдам әрі дәл есептей білуге, жеңіске жетуге деген ерік-жігерді қалыптастыруға және басқа да моральдық қасиеттерді тәрбиелеуге көмектеседі. Оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі үйірмелер есебінен 6-7-сыныптарына апталық 1 сағаттық жүктемемен «Шахмат» үйірмесі жүргізіледі.

Білім алушыларға математиканың практикалық маңыздылығын таныту, тұлғаның логикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру мен дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасау, ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқып-білуге қажетті математикалық білім мен білік негіздерін игеру қоршаған ортаның біртұтастығы туралы түсінікті қалыптастыру, оқушылардың практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен олардың нақтылығын айқындауда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі үйірмелер бағыты бойынша аптасына 6-сыныпқа 1 сағат «Математикалық ойындар», аптасына 8А сыныпқа 1 сағат, 8Б сыныпқа 1 сағаттан «Сандар теориясы», аптасына 10А сыныпқа 2 сағат, 10Б сыныпқа 2 сағаттан «Жазықтықтағы және кеңістіктегі координаталар әдісі», аптасына 11А сыныпқа 2 сағат, 11Б сыныпқа 2 сағат «Математикалық сауаттылық есептері» үйірмелері жүргізіледі.

Оқушылардың сөз өнеріне, әдеби мұраларға қызығушылығын ояту, рухани дүниесін кеңейту, ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал жасау, өз ойын ауызекі және жазба тілде еркін жеткізе білуге үйрету, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мәтінді оқуға, талдау жасауға дағдыландыру, функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі үйірмелер бағыты бойынша аптасына 1 сағаттан 6-7-8А-8Б-9А-9Б сыныптарға «Мәтін және шығармашылық» үйірмесі жүргізіледі. «Мәтін және шығармашылық» үйірмесінің мақсаты - арқылы оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, шығармашылық ізденіс жұмыстарына баулу, әдеби мұраларды танып-білуге және айшықты, әсерлі сөз қолданыстарына теориялық тұрғыдан талдау жасай білуге үйрету.

Ағылшын тілі пәнінен оқушылардың ауызша, жазбаша, міндетті, таңдау бойынша, жалпы, сараланған, жеке, аралас, шығармашылық жұмыстар жүргізу мақсатында вариативтік компоненттің үйірмелер бағыты бойынша аптасына аптасына 8А сыныпқа 1 сағат, 8Б сыныпқа 1 сағат «Ағылшын тілі – әлемге көзқарас» /« English-Outlook on the world»/, аптасына 9А сыныпқа 1 сағат, 9Б сыныпқа 1 сағат «Практикалық ағылшын тілі грамматикасы» курсы /"Practical English Grammar the world»/ үйірмелері енгізілді.

Оқушылардың география пәнінен сарамандық және зертханалық жұмыстармен өздігінен жұмыс жасай білуін, проблемалық мәселелерді шешу, проблемалық сұрақтарға жауап беру, осы саладағы ой-өрісін дамыту, география ғылымының құпиясын тереңірек сезінуі мен жалпы ғылымға қызығушылығын арттыру мақсатында оқу жоспарының лицей компоненті бойынша 9А-9Б-сыныптарға аптасына 1 сағаттан «Туризм географиясы» курсы енгізілді.

Білім алушылардың түрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап және арнайы білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 63-қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 63-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған негізгі
орта білім берудің үлгілік оқу жоспары
(2022-2023 оқу жылы)**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны						Жалпы жүктеме, сағат	
		6	7	8А	8Б	9А	9Б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент									
I	Тіл және әдебиет	11	10	10	10	10	10	61	2196
1	Қазақ тілі	3	2	2	2	2	2	13	468
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	2	12	432
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	18	648
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	3	18	648
II	Математика және информатика	6	4	4	4	4	4	26	936
5	Математика	5	-	-	-	-	-	5	180
6	Алгебра	-	2	2	2	2	2	10	360
7	Геометрия	-	1	1	1	1	1	5	180
8	Информатика	1	1	1	1	1	1	6	216
III	Жаратылыстану	1	4	4	4	4	4	21	756
9	Жаратылыстану	1	-	-	-	-	-	1	36
10	Физика	-	1	1	1	1	1	5	180
11	Химия	-	1	1	1	1	1	5	180
12	Биология	-	1	1	1	1	1	5	180
13	География	-	1	1	1	1	1	5	180
IV	Адам және қоғам	3	2	2	2	3	3	15	540
14	Қазақстан тарихы	2	1	1	1	1	1	7	252
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	6	216
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	2	72
V	Технология және өнер	3	1	1	1	1	1	8	288
17	Музыка	1	-	-	-	-	-	1	36
18	Көркем еңбек	2	1	1	1	1	1	7	252
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	18	648
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	18	648
Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент		4	7	7	7	7	7	39	1404
Инварианттық оқу жүктемесі		31	31	31	31	32	32	188	6768
Вариативтік компонент									
Жаһандық құзіреттіліктер немесе басқа таңдау курстары		0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	4	144
Элективті курстар									
Жеке және топтық жұмыс		1	4	4	4	4	4	21	756
Вариативті оқу жүктемесі		1,5	4,5	4,5	4,5	5	5	25	900
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		32,5	35,5	35,5	35,5	37	37	213	7668

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 67-қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 67-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған
жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары
(2022-2023 оқу жылы)**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		10А	10Б	11А	11Б	Апталық	Жылдық
		Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	1	1	1	1	4	288
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	8	288
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	2	2	8	288
4	Шетел тілі	2	2	2	2	8	288
5	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	3	3	12	432
6	Геометрия	2	2	2	2	8	288
7	Информатика	2	2	2	2	8	288
8	Физика	2	2	2	2	8	288
9	Химия	1	1	1	1	4	144
10	Биология	1	1	1	1	4	144
11	География	1	1	1	1	4	144
12	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	8	288
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	4	144
14	Құқық негіздері	1	1	1	1	4	144
15	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	432
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	1	1	4	144
Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент		4	4	4	4	16	576
Инварианттық оқу жүктемесі		31	31	31	31	124	4464
		Вариативтік компонент					
Жаһандық күзінеттер		1	1	1	1	4	144
Элективті курстар		6	6	6	6	24	864
Вариативті оқу жүктемесі		7	7	7	7	28	1008
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		38	38	38	38	152	5472

Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент

**Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық
лицей-интернатының оқу жоспары
(2022-2023 оқу жылы)**

р/с	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны										Жалпы жүктеме, сағат саны	
		6	7	8А	8Б	9А	9Б	10А	10Б	11А	11Б	Апталық	Жылдық
Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент		4	7	7	7	7	7	4	4	4	4	55	1980
1	Математика	4										4	144
2	Алгебра		2	2	2	2	2	1	1	1	1	14	504
3	Геометрия		1	1	1	1	1	1	1	1	1	9	324
4	Физика		3	3	3	3	3	2	2	2	2	23	828
5	Химия		1	1	1	1	1					5	180

Вариативтік компонент
Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық
лицей-интернатының оқу жоспары
(2022-2023 оқу жылы)

№	Курс атауы	6	7	8А	8Б	9А	9Б	10А	10Б	11А	11Б	Апталық сағат саны
	Жаһандық күзіреттіліктер немесе басқа таңдау курстары	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	1	1	1	1	8
1	«Жаһандық күзіреттер»	0,5	0,5	0,5	0,5			1	1	1	1	6
2	«Зайырлылық және дінтану»					1	1					2
I	Элективті курстар							6	6	6	6	24
1	«Абайтану»							1	1	1	1	4
2	«Қолданбалы математика элементтері»							2	2			2
4	«Кинематика негіздері»							1	1			2
5	«Атомдық және кванттық физика»									1	1	2
6	«Графика және жобалау»							1	1	1	1	4
8	«Дифференциалдық және интегралдық есептеулер»									2	2	2
9	«Эволюция негіздері»							1	1	1	1	4
II	Жеке және топтық жұмыстар	1	4	4	4	4	4	-	-	-	-	21
1	«Робототехника»	1	1	1	1							4
2	«Физика және астрономия»		1									1
	«Электростатика негіздері»			1	1							2
4	«Олимпиадалық және танымдық есептер»		2									2
5	«Төртбұрыш пен үшбұрыштарға практикалық есептер»			2	2							4
	«Стандартты емес есептер»					2	2					4
7	«Қоши теңсіздігі»					2	2					4
	Лицей компоненті	4	4	4	4	4	4	4	4	4	4	40
	«Қарым-қатынас психологиясы»	1	1	1	1							4
2	«Тұлға психологиясы»					1	1	1	1	1	1	6
3	«Қиындығы жоғары теңдеулер мен							2	2			4

	үйірмесі											
16	«Сумоншак»	1										1
17	«Ілмек біз»		1									1
Жоғары білікті мамандармен шарт жасасу арқылы жекелеген курстар мен дәрістер ұйымдастыру 1500 с												

Жоғары білікті мамандармен шарт жасасу арқылы жекелеген курстар мен дәрістер ұйымдастыру /1500 сағат/

р/с	Курс, дәріс атауы	Сыныптар	Жылдық сағат саны
1	«Цифрлық құрылғылар көмегімен физикалық процестер мен құбылыстарды зерттеу»	9-10-11	150
2	«Математикалық талдама»	8-9-10-11	150
3	«Математика пәні бойынша олимпиадаға дайындық»	6-7-8-9-10-11	150
4	«Физика пәні бойынша компьютерлік модельдеу»	10-11	150
5	«Информатика пәні бойынша олимпиадаға дайындық»	9-10-11	150
6	«Электр және магнетизм»»	7-8-9	150
7	«Геометриялық оптика»	9-10-11	150
8	«Химиялық эксперименттік есептерді шешу»	9-10-11	150
9	«Биологиялық модельдер және колданбалы есептер»	9-10-11	150
10	«Python тілінде программалау»	8-9-10-11	150

Шкоде станицы Амур-
мануфактуры спешите
А. И. Макарова
19.08.22.